

Мемлекеттік меншікте тұрған концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 2 сәуірде № 9291 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 260 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.05.2025 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10-бабы 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік меншікте тұрған концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу департаменті (К.Б. Ақжанов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 26 ақпандағы
№ 78 бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік меншікте тұрған концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік меншікте тұрған концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы 10-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік меншікте тұрған концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға берудің тәртібін айқындайды.

2. Концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру талаптары концессия шартында көзделеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

2) концессионер – концессия шартын жасасқан, оның ішінде өз қызметін бірлескен қызмет (жай серіктестік) туралы шарт негізінде жүзеге асыратын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға және (немесе) заңды тұлға (мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда);

3) концессия – концессия объектілерін құруға (реконструкциялауға) және пайдалануға бағытталған, концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарымен жүзеге асырылатын қызмет;

4) концессия объектісі – концессия шарты бойынша құрылатын (реконструкцияланатын) және пайдаланылатын, тізбеге енгізілген әлеуметтік инфрақұрылым мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;

5) концессия шарты – концедент пен концессионер арасында жасалатын, тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, концессияны іске асыру шарттарын айқындайтын жазбаша келісім;

6) концессионерге иеленуге және пайдалануға беруге жататын концессия объектілері – мемлекеттік меншікке қабылданған концессия объектілері;

7) республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында (аясында) республикалық меншік объектілерін басқару, меншікті жекешелендіру және оның мемлекеттік мониторингі аясында өз құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ;

9) іске қосылатын кешен – мемлекеттік меншікке қабылдауға, кейін концессионерге иеленуге және пайдалануға жататын концессия объектісінің аяқталған бөлігі.

4. Концессия объектісін мемлекеттік меншікке қабылдағаннан кейін тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы немесе жергілікті атқарушы орган (әкімдік) концессия объектісін концессионерге иеленуге және пайдалануға беруді жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік меншікте тұрған концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беруді:

1) республикалық меншікке қатысты – республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті органды хабардар ете отырып тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы;

2) коммуналдық меншікке қатысты – жергілікті атқарушы орган (әкімдік) жүзеге асырады.

6. Концессия объектісі іске қосу кешендеріне бөлініп мемлекеттік меншікке қабылданған жағдайда концессия объектісін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру концессия шарты тараптарының келісімімен әрбір іске қосу кешенінің аяқталуы бойынша бөлек жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік меншікте тұрған концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру тәртібі

7. Концессия объектісі мемлекеттік меншікке қабылданғаннан кейін концессионер тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органына – республикалық меншікке жататын концессия объектілеріне қатысты, жергілікті атқарушы органға (әкімдік) – коммуналдық меншікке жататын концессия объектілеріне қатысты, концессия шартына сәйкес концессия объектісін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру туралы өтінішпен жүгінеді.

8. Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы немесе жергілікті атқарушы орган (әкімдік) өтініш түскен күннен бастап 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы немесе жергілікті атқарушы орган (әкімдік), концессионер және концессия объектісі бекітілген мемлекеттік заңды тұлға арасында концессия объектісін концессионерге иеленуге және пайдалануға қабылдап алу-беру актісін ресімдейді.

Концессия объектісін концессионерге иеленуге және пайдалануға қабылдап алу-беру актісінде:

1) қабылдап алу-беру актісі жасалған орын және күні;

2) өкілдері оларға сәйкес тараптардың мүдделерін білдіруге уәкілетті құжаттардың атауы мен деректемелері;

3) концессия объектісін беру оған сәйкес жүргізілетін концессия шартының нөмірі мен қол қойылған күні;

4) берілетін концессия объектісінің құны;

5) тараптардың қолтаңбалары мен мөрлері көрсетіледі.

Республикалық меншікке жататын концессия объектісіне қатысты қабылдап алу-беру актісі қабылдап алу-беру актісін ресімдеуге қатысатын тараптардың әрқайсысы үшін, сондай-ақ мәліметтерді мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізу мақсатында республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган үшін бір-бір данадан қазақ және орыс тілдерінде жасалады.

Коммуналдық меншікке жататын концессия объектісіне қатысты қабылдап алу-беру актісі ресімдеуге қатысатын тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан қазақ және орыс тілдерінде жасалады.

3. Қорытынды ережелер

9. Мемлекеттік меншікте тұрған концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру кезінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында және концессия шартында белгіленген тәртіппен қарастырылады.